



4 сәуір 2019 ж.

Баспасөз хабарламасы

**Қазақстандық экспорттаушы "Green Capital" ЖШС «Сбербанк» АҚ ЕБ-ның қаржылық қолдауымен Ақтөбе облысында жылыжай кешенін ашты**

"Green Capital" ЖШС "Сбербанк" АҚ ЕБ қаржылық қолдауымен және "KazakhExport" ЭСК" АҚ-ның сақтандыру қолдауымен Ақтөбе қаласында жылыжай кешенін ашты. Аукымды аграрлық жоба осы индустрияның әлемдік көшбасшыларының бірі - KUBO Greenhouse Projects B. V. (Нидерланды) жылыжай кешенін сатып алуды, жеткізуді және құрастыруды қамтиды. Жоба аясында кемінде 60 жұмыс орнын құру жоспарлануда. Персонал жергілікті халықтың арасынан тартылатын болады.

Жобаны іске асыру үшін 2018 жылғы шілдеде "Сбербанк" АҚ ЕБ "Аграрлық несиелік корпорациясы" АҚ-нан Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторын қолдау бойынша "Агроэкспорт" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 5,1 миллиард теңгеден астам сомаға "Green Capital" ЖШС несиелік желісін ашты. "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы " АҚ қарызды сақтандыруды жүзеге асыра отырып, мәміленің кепілгері болды.

Жылыжай кешенін сату және өндірудің жоспарланған көлемі жылына 3000 тонна қызанақ құрайды. Жобаны іске асырудың алғашқы жеті жылында Қазақстан бюджетіне 460 млн. теңгеден астам қаржы төлеу жоспарлануда. Өнімнің негізгі көлемі бірінші кезекте жергілікті тұтынушыларға да, көрші елдердің нарығына да жеткізілетін болады деп болжануда.

*"Сбербанк Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарлар мен өнімдерді экспорттауға бағытталған жобаларды қаржыландыруға белсенді қатысады. "Green Capital Kazakhstan" ЖШС кейін өнімді РФ ірі сауда желілерінде орналастыратын болады. Өз кезегінде Сбербанк тобы Қазақстан Республикасының аумағында және Ресей Федерациясының аумағында банктік қызметтердің толық кешенін көрсетеді", - дейді "Сбербанк" АҚ ЕБ Басқарма төрағасының орынбасары Елдар Теңізбаев.*

Банк елдің экспорттық әлеуетін арттыру үшін маңызды жобаларды іске асыруда "KazakhExport" ЭСК " АҚ-мен тығыз қарым-қатынаста.

*"KazakhExport" қазақстандық тауар мен өнім өндірушілерге сақтандыру қолдауын көрсетуде. Біз экспортқа бағдарланған жобалар бойынша кредиттік тәуекелдерді қабылдауға дайынбыз. Егер екінші деңгейлі банктердің портфелі алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып, осындай инвестициялық жобалармен толықтырылса, бұл Қазақстанның экспорт құрылымының дайын өнім үлесін арттыру жағына қарай өзгеруін жеделдетеді", - деп хабарлады "KazakhExport" ЭСК" АҚ Басқарма төрағасы Руслан Ысқақов.*

**Анықтама:**

**"KazakhExport "экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ** миссиясы ("Бәйтерек" ҰБХ" АҚ құрылымына кіреді) экономиканың басым секторларындағы шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар, қызметтер экспортының өсуін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылық емес қолдау тәжірибесін қалыптастыру болып табылады.

**"Сбербанк" АҚ ЕБ** Сбербанк халықаралық тобына кіреді. Банк 13 жыл Қазақстанның қаржы нарығында табысты жұмыс істеп келеді, 01.01.2019 ж. жағдай бойынша Қазақстанның барлық ЕДБ арасында активтер көлемі бойынша 2-ші орынды алады. Бүгінгі таңда "Сбербанк" АҚ ЕБ 91 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сі филиал болып табылады. Банктің орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан.

**"GREEN CAPITAL KAZAKHSTAN" ЖШС**, 2017 жылы құрылған. Негізгі қызмет түрі- жылыжай бизнесін жүргізу.

**Қосымша ақпарат алу үшін:**

**"KazakhExport" ЭСК АҚ**

Любовь Босхаева

Тел.: [+7 \(7172\) 95 56 56 \(iiv.134\)](tel:+77172955656)

e-mail: [l.boskhaeva@keg.kz](mailto:l.boskhaeva@keg.kz)

web: [www.keg.kz](http://www.keg.kz)

**"Сбербанк" АҚ ЕБ**

Гүлмира Мухсинова

+7 (727) 266-35-68 іш. 502466

e-mail: [Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz](mailto:Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz)